

Сведения об авторах:

Аметхан Ж. – автор для корреспонденции, докторант Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан. E-mail: jianati_888@mail.ru

Усенова М.Э. – PhD, старший преподаватель кафедры психологии, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан. E-mail: ibragimova1110@mail.ru

Information about the Authors:

Ametkhan Z. – corresponding Author, PhD doctoral student, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: jianati_888@mail.ru

Ussenova M.Y. – PhD, Senior Lecturer, Department of Psychology, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: ibragimova1110@mail.ru

МРНТИ 15.31.31

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.88.3.013>

Ж.Ж. Бейсенова*¹ , М.А. Мурзабаева² , Т.В. Жукова³ , Р.А. Кашенева⁴ ,
А.З. Бисенова⁵ , З.Д. Утепбергенова¹ 

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

²Орталық Азия инновациялық университеті

³Манаиш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

⁴Ермек Серкебаев атындағы өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат кешені

⁵Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

*E-mail: zhuparkul2270@gmail.com

Жеткіншектік шақтағы девиантты мінез-құлық предикторлары

Аңдатпа

Соңғы онжылдықтарда жеткіншектердің девиантты мінез-құлыққа қатысуы артты, алдыңғы зерттеушілер бұл құбылыстарға әсер етуі мүмкін әртүрлі айнымалыларды анықтаған болатын. Бұл зерттеудің мақсаты девиантты мінез-құлық предикторларын және оның отбасына қанағаттанушылығымен және тұлғалық ерекшеліктермен байланысын анықтау. Зерттеу Алматы қаласындағы мектептерден 12 мен 17 жас аралығындағы 227 адаммен жүргізілді. Зерттеуде Санчес және т.б. девиантты мінез-құлықтың әртүрлілік шкаласы (DBVS) қолданылды. Ол Жеткіншектер арасындағы ұрлық, есірткі мен алкогольді қолдану, вербалды және физикалық агрессия, вандализм, сабақтан қашу, өтірік айту және беделді адамдарға бағынбау сияқты әртүрлі девиантты мінез-құлық бойынша 19 тармақтан тұрады. 227 қатысушының 82% девиантты мінез-құлық шкаласы критерийлеріне сәйкес келді. Зерттеуді талдау үшін статистикалық көрсеткіштер сипаттамасы, регрессиялық талдау, Пирсон корреляциясы және Манна-Уитни критерийі сияқты сипаттамалық және қорытынды статистика пайдаланылды. Зерттеу девиантты мінез-құлықтың жыныстық айырмашылықтарын анықтады. Нәтижелер әйел респонденттер жеңіл девиантты мінез-құлық бұзылыстарына бейімділігі жоғары, ерлер девиантты мінез-құлық бұзылыстарының ауыр түрлеріне бейім екендігін көрсетті. Сонымен қатар, отбасына қанағаттанушылық пен девиантты мінез-құлық арасында теріс (кері) байланыс анықталды. Және, тұлғалық ерекшелік ретіндегі аккөңілділік, жеткіншектердегі девиантты мінез-құлықтың ең маңызды предикторы екені анықталды.

Кілт сөздер: девиантты мінез-құлық, жеткіншектік шақ, предикторлар, отбасымен қанағаттану, тұлғалық ерекшеліктер

Ж.Ж. Бейсенова^{*1}, М.А. Мурзабаева², Т.В. Жукова³, Р.А. Кашенева⁴,
А.З. Бисенова⁵, З.Д. Утепбергенова¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет

²Центрально - азиатский инновационный университет

³Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева

⁴Комплекс «колледж искусств – специализированная школа - интернат для одаренных
в искусстве детей имени Ермака Серкебаева»

⁵Казахский национальный педагогический университет имени Абая

*E-mail: zhuparkul2270@gmail.com

Предикторы девиантного поведения в подростковом возрасте

Аннотация

В последние десятилетия наблюдается рост вовлеченности подростков в девиантное поведение. Предыдущие исследования выявили различные переменные, которые могут влиять на это явление. Целью данного исследования было выявление предикторов девиантного поведения и его связи с удовлетворенностью семьей и личностными чертами. В исследовании приняли участие 227 человек в возрасте от 12 до 17 лет из школ г.Алматы. Использовалась шкала вериабельности девиантного поведения (DBVS) Санчеса и др. Она состоит из 19 пунктов, описывающих различные виды девиантного поведения подростков, такие как кража, употребление наркотиков и алкоголя, вербальная и физическая агрессия, вандализм, прогулы, ложь и неповиновение авторитетным лицам. 82% из 227 участников соответствовали критериям шкалы девиантного поведения. Для анализа исследования использовались описательная статистика, регрессионный анализ, корреляция Пирсона и критерий Манна-Уитни. Исследование выявило половые различия в девиантном поведении. Результаты показали, что женщины чаще участвуют в легких формах девиантного поведения, в то время как мужчины чаще участвуют в тяжелых формах девиантного поведения. Кроме того, была обнаружена отрицательная взаимосвязь между удовлетворенностью семьей и девиантным поведением. Как черта характера, доброжелательность оказалась наиболее важным фактором, определяющим девиантное поведение подростков.

Ключевые слова: девиантное поведение, подростковый возраст, предикторы, удовлетворенность семьей, личностные черты

Zh. Beissenova^{*1}, M. Murzabaeva², T. Zhukova³, R. Kasheneva⁴, A. Bissenova⁵, Z. Utepbergenova¹

¹Kazakh National Women's Pedagogical University

²Central Asia Innovative University

³North Kazakhstan University named after Manash Kozybayev

⁴Arts college complex - specialized boarding school for children gifted in the arts
named after Yermek Serkebayev

⁵Abai Kazakh National Pedagogical University

*E-mail: zhuparkul2270@gmail.com

Predictors of deviant behavior in adolescence

Abstract

In recent decades, there has been an increase in adolescent involvement in deviant behavior. Previous studies have identified various variables that may influence this phenomenon. The purpose of this study was to identify predictors of deviant behavior and its relationship with family satisfaction and

personality traits. The study involved 227 individuals aged 12 to 17 years from Almaty schools. The Deviant Behavior Versatility Scale (DBVS) by Sanchez et al. was used. It consists of 19 items describing various types of deviant behavior in adolescents, such as theft, drug and alcohol use, verbal and physical aggression, vandalism, truancy, lying and disobedience to authority figures. Eighty two percent of the 227 participants met the criteria for the deviant behavior scale. Descriptive statistics, regression analysis, Pearson correlation and the Mann-Whitney test were used to analyze the study. The study revealed gender differences in deviant behavior. The results showed that women were more likely to engage in mild forms of deviant behavior, while men were more likely to engage in severe forms of deviant behavior. Furthermore, a negative correlation was found between family satisfaction and deviant behavior. As a personality trait, agreeableness emerged as the most important factor determining deviant behavior in adolescents.

Key words: deviant behavior, adolescence, predictors, family satisfaction, personality trait.

Кіріспе. Бірқатар зерттеулерге сүйенсек, жеткіншектік кезең дағдарыс кезеңі болғандықтан, жеке тұлға үшін стрестік кезең ретінде сипатталады, әрі көптеген қиындықтарға тек жеткіншектердің өздері ғана емес, олардың айналасындағы адамдар да тап болады [1]. Жеткіншектер өмірінде көптеген өзгерістер болады: дене өзгерістері, өмірлік талаптардың артуы, қоршаған ортаға бейімделу, сыртқы факторлардан туындайтын стресс, мектептегі, отбасы мен туыстары, құрдастары тарапынан болатын қысым. Осы факторлардың барлығы маңызды рөл атқарады және дер кезінде алдын алынбаса, жеткіншектердің қиын қарсылық мінез-құлық әрекеттеріне әкелуі мүмкін [2].

Сонымен қатар, жеткіншектік кезең қарқынды өсу және өзгеру кезеңі. Зерттеулер жеткіншек тұлғасының қалыптасуына әсер ететін ең маңызды фактор, оның ортасы, әсіресе отбасы екенін көрсетті. Сәйкестілігін қалыптастыру барысында жеткіншектер маңызды адамдардан теріс мінез-құлықты қабылдап, мәселелерді шешудің орынсыз әдістерін қолдану сияқты әртүрлі қақтығыстарға тап болуы мүмкін [3]. Әлеуметтік психологияға сәйкес, адамдар өз мінез-құлық мен тұлғасын мыңызды адамдармен өзара әрекеттесу, өмірлік маңызды оқиғалар, оң немесе теріс нормалар, көзқарастар мен мінез-құлық бағдарлары арқылы қалыптастырады. Адамның алғашқы өзара әрекеттесуі отбасында жүзеге асатындықтан, бұл саланы зерттеу маңызды. Отбасылық қарым-қатынастар мен үрдістер, сондай-ақ олардың жеткіншек тұлғасымен және болашақ нәтижелерімен байланысы соңғы зерттеулердің тақырыбы болды [4]. Кейбір ата-аналар жеткіншектердегі девиантты мінез-құлықты шамадан тыс қарсылық білдірудің бір түрі ретінде қабылдап, оны басқаруға болады деп есептейді. Алайда, мұндай жағдайлар қауіпті болып табылады. Егер девиантты мінез-құлық байыпты қабылданбаса, ол қоғамға қарсы әрекеттерге немесе қылмыс сияқты ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Зерттеушілер Idris M.N., Abdullah O., Zulkarnian N. девианттылықты қоғамда қалыптасқан стандарттарға сәйкес күтілетін ережелерді, сенімдер мен нормаларды сақтамайтын кез-келген мінез-құлық ретінде анықтады. Сондықтан, бір мәдениетте девиантты деп саналатын әрекеттер, басқа мәдениетте олай деп саналмауы мүмкін. Демек, девианттылықты жіктеу қоғамның девиантты әрекеттерді қалай қарастыратынына, қабылдайтынына немесе сипаттайтынына негізделген. Сонымен қатар, Торренте және Вазсони девианттылықты қабылданған нормаларға қарсы келетін және өзін-өзі жүзеге асыруды бұзатын және жеке моральдық мінез-құлық мен өзін-өзі бақылаудан жалтаруға әкелетін теңгерімсіз психикалық үрдістерден көрінетін мінез-құлық құрылымы ретінде анықтады. Яғни, қабылданбайтын мінез-құлыққа ие болу адамның қоғамның жақсы мүшесі ретінде басқалармен тиімді әрекет етуіне кедергі келтіреді [5].

Қазақстанда девиантты мінез-құлық жиілігі жеңіл түрінен ауыр түріне дейін артып, барлық аймақтарда байқалады және соңғы жылдары қылмыс алаңдатарлықтай жоғары деңгейге көтеріліп отыр. Атап айтсақ, балалар қылмысы 2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы 30,5% артқан: егер 2024 жылы 1.9 мың дерек тіркелсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 2,5 мыңға жуықтаған [6]. Сонымен қатар, қазақстандық жеткіншектердің ең ерекше девиантты мінез-құлықтарына

кылмыс жасау және заңды бұзу, зорлау, тонау, ұрлау, кісі өлтіру, мектептегі әлімжеттік, вандализм, есірткі сақтау және пайдалану сияқты адамдарға айтарлықтай теріс әсер ететін мінез-құлықтар жатады.

Осылайша, біз девиантты мінез-құлықтың ықтимал предикторларын, сондай-ақ оның отбасына қанағаттанушылық және тұлғалық ерекшеліктерімен байланысын анықтау, девиантты мінез-құлық және өмірге қанағаттану шкаласы бойынша ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтарды анықтауды зерттеудің негізгі мақсаты етіп алып отырмыз.

Эмпирикалық зерттеулерге сүйенсек, өмірге қанағаттану дегеніміз – бұл, адамның өмір сапасы мен өміріне қанағаттану деңгейін саналы немесе когнитивті тұрғыдан бағалауы [7]. Бұл бағалау отбасылық қатынастар, достар, мектеп сияқты факторларға және өмірге қанағаттанудың қолайлы деңгейіне негізделеді. Сонымен қатар, қанағаттанудың жоғары деңгейі адамды қауіпті мінез-құлықтан қорғай алады. Бұдан бөлек, отбасымен қатысу және отбасылық тәжірибе отбасы мүшелерінің өмірге қанағаттануы мен жағымсыз эмоцияларының ең маңызды екі көзі болып табылады. Отбасымен қанағаттану – отбасы құрылымындағы адам мен оның туыстық қарым-қатынастағы жақын адамдарының өз отбасылық құрылымына қанағаттану күйі. Жүргізілген Әлемдік құндылықтар сауалнамасының қорытындысы бойынша, қанағаттанған адамдардың отбасылық қарым-қатынасы мықты болатындығы анықталды. Демек, отбасылық қарым-қатынасы мықты және отбасылық қанағаттануы жоғары адамдар қауіпті мінез-құлыққа бейім емес. Бұл, сонымен қатар, эмоционалды күйзеліс, қаіаті мінез-құлық, зорлық-зомбылық, төмен оқу үлгерімі мен ішімдікке, темекіге және есірткіге тәуелділік сияқты жағымсыз өмірлік оқиғалардан қорғаныс ретінде қызмет етеді. Отбасында жақын байланысы жоқ адамдар теріс әдеттерге бейім келеді. Демек, ұжымдық мәдениеттерде басқалармен жағымды қарым-қатынас жеке мүдделерден маңыздырақ деп есептеледі. Осылайша, ұжымшыл қазақ мәдениетінде, отбасымен қанағаттану жеке мақсаттардан маңыздырақ. Сондықтан, кейбір қазақ жеткіншектері үшін отбасының өмір бойы қолдауы мен бағыт-бағдары отбасымен қанағаттану деңгейіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Отбасына қанағаттанған жеткіншектің девиантты мінез-құлыққа тартылу қаупі төмен болуы ықтимал. Соңғы зерттеулер нәтижелерін ескере отырып, отбасылық қанағаттану деңгейі төмен, қиын өмірлік тәжірибелерді бастан кешірген адамдар когнитивті және мінез-құлықтық мәселелерге бейім болуы мүмкін деп болжанады [8].

Тұлғалық қасиеттер жеке нәтижелер мен мінез-құлықты анықтайтын ең маңызды факторлардың бірі ретінде анықталған. «Қасиеттер» - бұл, адамның қоршаған ортаға және өзіне қатысты қабылдау, ойлау және әрекет ету тәсілдері. Тұлғалық қасиеттер өмірдегі стрестік жағдайларды қалай еңсеретіндігімізді көрсетеді. Стрестік өмірлік жағдайлар және адамдардың олармен күресу тәсілдері белгілі бір мінез-құлықтың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Кастильоның пікірінше, тұлғалық қасиеттер адамның психикалық әлемінің уақыт өте тұрақты әрі бірізді қалыптасуы [9]. Тұлғалық қасиеттерге қатысты ең танымал әрі пайдалы модельдердің бірі «Үлкен бестік» моделі. Аталған модельге кіретін бес тұлғалық қасиетке тоқталайық.

Тәжірибеге ашықтық – адамның жаңа әсерлерді іздеуге, өзгерістерді қабылдауға, креативтілік танытуға және ізденіске дайындығы. Сонымен қатар, тәжірибеге ашық адамдар өміріндегі өзгерістер мен жаңа оқиғаларға бейім келеді [10].

Адалдық сенімділік, құзыреттілік, жетістікке ұмтылу, жауапкершілік, өзін-өзі бақылау және тиімділік сияқты қасиеттерді қамтиды. Адалдығы жоғары адамдар жақсы ұйымдасқан, жоспарлауға бейім, жетістікке бағытталған, жұмысынан қанағат алатын және жағымды әлеуметтік қатынастар орната алатын тұлғалар ретінде сипатталады. Мұндай адамдар еңбекқор, ұқыпты, сенімді және табанды болады. Ал, адалдығы төмен адамдар жалқау, ұйымдаспаған, сенімсіз және шешім қабылдай алмайтын болып келеді. Крюгер және т.б. пікірінше, адалдығы төмен адамдар қылмыс жасауға бейім және құқық бұзушылыққа көзқарастары оң болып келеді.

Экстраверсия адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесу деңгейін сипаттайтын қасиет, ол ашықтық немесе тұйықтық, сондай-ақ қуанышты сезіну қабілетінен көрінеді. Экстраверсия деңгейі жоғары адамдар, әдетте көпшіл, ашық, бастамашыл, еркін және достық қарым-қатынас-

қа бейім келеді; экстраверсия деңгейі төмен адамдар тыныш, тұйық және жасқаншақ келеді. Интроверсия жайсыздықпен, ұялшақтықпен, қарым-қатынастан қашумен және ұстамдылықпен сипатталады. Экстраверсияның бейімделмеген, қоғамға қарсы және девиантты мінез-құлықпен айтарлықтай байланысы бар екенін көрсететін зерттеулер жеткілікті.

Ақкөңілділік адамның ішкі жанашырлық деңгейі, ренішке бейімділігі және соған байланысты мінез-құлқы. Боулинг және Эшлеман ақкөңіл адамдарды жағымды, төзімді, жанашыр, қамқор, сенгіш, кешірімді, зейінді және ынтымақтастыққа бейім адамдар ретінде сипаттайды. Ақкөңілділік деңгейі жоғары адамдар ынтымақтастыққа бейім, түсінігі мол, жылы жүзді, шынайы, әдепті, мейірімді, жанашыр және достық қатынасқа бейім болып келеді, ал ақкөңілділік деңгейі төмен адамдар, әдетте, қатал, дөрекі, суық, тұйық, шынайы емес және жағымсыз ретінде қабылданады. Сонымен қатар, кейбір зерттеулер ақкөңілділік деңгейі төмен адамдарды басқаларға немқұрайлы қарайтын, сондықтан достыққа және ынтымақтастыққа бейім емес, тәуелсіз және адамдармен эмоционалды байланысы әлсіз ретінде сипаттайды. Ақкөңілділік деңгейінің төмен болуы адамның девиантты мінез-құлыққа немесе құқық бұзушылыққа баруына ықпал етуі мүмкін.

Нейротизм адамның эмоциялық тұрақсыздығын сипаттайды. Ол психологиялық күйзеліс, шынайылыққа сәйкес келмейтін түсініктер және бейімделмеген күресу стратегиялары арқылы көрінуі мүмкін. Нейротизм деңгейі жоғары адамдар көбіне мазасыз, сенімсіз, ашуланшақ болып келеді, нейротизм деңгейі төмен адамдар тыныш, өзіне сенімді және шыдамды болып келеді.

Бес факторлы модельдегі тұлғалық қасиеттердің өзара байланыстары әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Жеткіншектердің тұлғалық қасиеттері мен олардың девиантты мінез-құлыққа қатысуы арасындағы байланысты көрсететін зерттеулер саны аз. Сондықтан, бұл зерттеудің мақсаты осы бағытты әрі қарай зерттеп, оның девиантты мінез-құлықпен байланысын анықтау болды.

МакКрей және Коста бес факторлы теорияны ұсына отырып, әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлық бірізділігін өлшейтін қасиеттер мен тұрақты сипаттар жиынтығын негізгі тенденциялар ретінде қарастырды. Тұлғалық қасиеттердің биологиялық негізі болғандықтан, олар әмбебап болып табылады және уақыт өте келе дамиды. Сондықтан, зерттеушілер тұлғалық қасиеттердің жеткіншектердегі девиантты мінез-құлықпен байланысын анықтауды мақсат етті. Мінез қасиеттерінің бейімделуі жағдайлардың ықпалымен қалыптасатын және сыртқы факторлардың әсеріне ұшырай алатын жүре пайда болған қасиеттерге жатады. Адамның меңгерген дағдылары мен тәжірибесі осы бейімдеулерге жатады. Олар мәдениетке байланысты әртүрлі болады және адамның қоршаған ортаға тұрақты түрде бейімделуіне мүмкіндік береді [11]. Осы тұрғыдан алғанда, жеткіншектердің девиантты мінез-құлыққа бейімділіктері сипаттық бейімделу ретінде қарастырылады, себебі олар белгілі бір дәрежеде жеке жауапкершілікке байланысты.

Өзіндік сана адамның өзін тануы мен өзіне деген көзқарасы және сипаттық бейімделудің бір бөлігі. Бұл адамның өмірінің мәнін сезінуі мен оны қабылдауына қатысты маңызды бейімделу. Өзіндік сана – бұл, адамның өз мақсатына деген сенімі және өзін түсінуі. Бұл зерттеуде отбасына қанағаттану деңгейі өзіндік сана ретінде қарастырылады.

Алдыңғы зерттеулер жеткіншектердегі девиантты мінез-құлықтың отбасылық факторлар және құрдастардың қысымы сияқты бірнеше факторлармен байланысын анықтаған. Қазақстанда жеткіншектер арасындағы девиантты мінез-құлықтың артуы байқалады, оған есірткі қолдану, темекі шегу, алкогольдік өнімдерді қолдану, вандализм, сабақтан қашу, зорлық-зомбылық, кісі өлтіру, ұрлық сияқты кәмілетке толмағандар қылмысы мен құқық бұзушылықтар жатады.

Осылайша, зерттеудің негізгі мақсаты – жеткіншектер арасындағы мінез-құлық детерминанттарын тұлғалық қасиеттер, отбасы құрылымы және отбасымен қанағаттану сияқты айнымалылар арқылы анықтау. Сондай-ақ, девиантты мінез-құлық және өмірге қанағаттану шкалалары бойынша жыныстық айырмашылықтарды анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеуде отбасымен қанағаттану, тұлғалық қасиеттер және әлеуметтік-демографиялық мәліметтер сияқты девиантты мінез-құлық предикторларын зерттеу үшін көптік регрессияны қолдана отырып, корреляциялық талдау жүргізілді.

Зерттеуге 12-17 жас аралығындағы 227 жеткіншек қатысты. Олар Алматы қаласындағы жалпы білім беретін және мектеп-гимназия оқушылары арасынан мақсатты іріктеу әдісімен іріктелді. Негізгі айнымалы ретінде олардың жасы қарастырылды.

Бұл зерттеуде кластерлік іріктеу әдісі қолданылды. Мектептер кездейсоқ таңдалды. 227 қатысушының тек 186 девиантты мінез-құлық критерийлеріне сәйкес келді.

Зерттеу үш сауалнаманың көмегімен жүзеге асырылды: девиантты мінез-құлық шкаласы, отбасымен қанағаттану шкаласы және тұлғалық қасиеттер сауалнамасы.

Девиантты мінез-құлықтың әртүрлілік шкаласы (DBVS) жеткіншектер арасындағы ұрлық, есірткі мен алкогольді тұтыну және басқа да қауіпті мінез-құлық болып табылатын әртүрлі девиантты мінез-құлықты сипаттайтын 19 тармақтан тұрады. Сауалнама девиантты мінез-құлықтың екі деңгейін қамтиды: әрекеттің ауырлығына байланысты ауыр немесе жеңіл құқық бұзушылықтар. Әр тармақ құқық бұзушылықтың белгілі бір түрін сипаттайды. DBVS жоғары сенімділікке ие (альфа Кронбах 0,829 тең). Сонымен қатар, Вильянуева және т.б. жүргізген зерттеуде альфа Кронбах 0,96-ға жетіп, шкаланың сенімділік көрсеткіші артты. Осылайша, DBVS әртүрлі жағдайлар мен аймақтық контексттерде жоғары сенімділік көрсетті.

Отбасылық өмірге қанағаттану шкаласы (SWFL) өмірге қанағаттануды бағалауда 7 балдық Лайкерт шкаласын қолданады. Авторлар шкаланың жоғары ішкі сенімділігін атап өткен. Сонымен қатар, шкала ыңғайлы етіп құрастырылған, себебі шкаланың тілі қарапайым және түсінікті. Сондықтан SWFL шкаласы әртүрлі уақытта, әртүрлі ортада, мәдениетте отбасымен қанағаттану деңгейін өлшеуге жарамды әрі сенімді құрал ретінде ұсынылған.

«Үлкен бестік» сауалнамасы (BFI) ақкөңілділікті, экстраверсияны, адалдықты, нейротизм және тәжірибеге ашықтықты өлшейтін шкала. Ол жоғары сенімділік көрсеткіштерін көрсетті ($\alpha=0,75-0,80$) және қайталама тестілеу кезінде де жоғары сенімділікті көрсетті ($\alpha=0,80-0,90$).

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерін талдау үшін орташа мән, стандартты ауытқу және жиілік сияқты сипаттамалы статистикалық әдістер қолданылды. Жеткіншектер арасындағы девиантты мінез-құлықты айқындайтын факторларды анықтау үшін Пирсон корреляциясы және регрессиялық талдау инференциялық статистика әдістері қолданылды. Айнымалылар ретінде тұлғалық қасиеттер, отбасы құрылымы және отбасымен қанағаттану деңгейі қарастырылды.

Жыныстық ерекшеліктер мен отбасы құрылымы арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін Манна-Уитни U тесті қолданылды. Сонымен қатар, отбасымен қанағаттану және девиантты мінез-құлық; тұлғалық қасиеттер және девиантты мінез-құлық; сондай-ақ, жас ерекшеліктері және девиантты мінез-құлық арасындағы байланыстарды анықтау мақсатында корреляциялық талдау қолданылды.

Регрессиялық модельдерді талдау барысында жас ерекшеліктері, отбасымен қанағаттану және тұлғалық қасиеттер тәуелсіз айнымалылар ретінде қарастырылып, девиантты мінез-құлықтың мәнді предикторларын анықтау үшін қолданылды. Егер қандай да бір айнымалы тәуелді айнымалыны болжауға елеулі үлес қоспаса, ол р мәні критерийіне негізделіп, алынып тасталды.

Бұл бөлімде девиантты мінез-құлық, отбасы құрылымы, отбасымен қанағаттану және тұлғалық қасиеттер арасындағы өзара байланыстар зерттелді. Әр айнымалы арасындағы өзара байланыс төмендегі кестеде келтірілген. Кестеде девиантты мінез-құлықтың екі деңгейі, жыныстық айырмашылықтар, отбасы құрылымы мен девиантты мінез-құлық арасындағы өзара байланыс, тұлғалық қасиеттер мен девиантты мінез-құлық арасындағы өзара байланыстар көрсетілген. Соңғы кестеде девиантты мінез-құлықтың ең мәнді предикторы көрсетілген. 1-кестеде респонденттердің әлеуметтік-демографиялық деректері ұсынылған.

Кесте 1. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерінің сипаттамалық статистикасы

	Орташа	Жиілігі	%
Жасы	14,3		
12		19	10,2
13		35	18,8
14		55	29,6
15		30	16,1
16		37	19,9
17		10	5,4
Жынысы			
ер		83	44,6
әйел		103	55,4
Отбасы құрылымы			
толық		118	63,4
толық емес		68	36,6
Барлығы	186	186	

Нәтижелерге сәйкес, қатысушылардың орташа жасы 14,3. Жас ерекшелігі бойынша ең жоғары жиілік 14 жастағыларға тиесілі немесе респонденттердің жалпы санының 29,6%-ын құрады ($n=55$), одан кейін 16 жас – 19,9% ($n=37$), 13 жас – 18,8% ($n=35$), 15 жас – 16,1% ($n=30$), 12 жас - 10,2% ($n=19$), 17 жас – 5,4% ($n=10$).

Жыныстық ерекшеліктер бойынша әйелдер (103) ерлерге (83) карағанда көбірек.

Отбасы құрылымы бойынша 118 қатысушы (63,4%) толық отбасынан, 68 (36,6%) респондент ата-анасы ажырасқан отбасынан шыққан.

Кесте 2. Девиантты мінез-құлықтың жыныстық ерекшеліктері

	n	Орташа	Ст. ауытқу
Ерлер	83		
Жеңіл құқық бұзушылық		0,323	0,182
Ауыр құқық бұзушылық		0,153	0,111
Әйелдер	103		
Жеңіл құқық бұзушылық		0,358	0,207
Ауыр құқық бұзушылық		0,094	0,143
Жалпы девианттылық	186	0,209	0,136

2-кестеде жеткіншектер арасындағы жалпы девиантты мінез-құлықтың орташа мәндері ($M=0,209$) және стандартты ауытқулар ($SD=0,136$), ерлер мен әйелдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың екі деңгейі, атап айтқанда, жеңіл құқық бұзушылық (MV) және ауыр құқық бұзушылық (SM) мәндері келтірілген. Әйелдер арасындағы жеңіл құқық бұзушылықтардың орташа мәні ($M=0,358$; $SD=0,207$) ерлердің орташа мәнінен ($M=0,323$; $SD=0,182$) жоғары екенін көрсетеді. Керісінше, ауыр құқық бұзушылықтар үшін ерлердің орташа мәні ($M=0,153$; $SD=0,111$) әйелдерге карағанда ($M=0,094$; $SD=0,143$) жоғары болды. Нәтижелерге сәйкес, әйелдер жеңіл девиантты әрекеттерді жиі жасайды, ерлер ауыр құқық бұзушылықтарға жиі барады.

Кесте 3. Жыныстық ерекшелікке байланысты девиантты мінез-құлық пен отбасымен қанағаттанудың орташа мәндері

Девиантты мінез-құлық	Орташа	Стандартты ауытқу	Отбасымен қанағаттану	Орташа	Стандартты ауытқу
Жынысы					
Ерлер	0,249	0,149		4,85	1,25
Әйелдер	0,192	0,123		5,14	1,26
Девиантты мінез-құлық	N	Орташа ранг			
Ерлер	83	686,99			
Әйелдер	103	546,35			
Манна-Уитни U	144973,500				
Мәні (0,01)	0,000				
Отбасымен қанағаттану	N	Орташа ранг			
Ерлер	83	582,55			
Әйелдер	103	647,36			
Манна-Уитни U	168042,500				
Мәні (0,01)	0,001				

3-кестеде жеткіншек ұлдар мен қыздардың жеңіл және ауыр құқық бұзушылықтары девиантты мінез-құлықтың әртүрлілігі тұрғысынан салыстырылған. Айырмашықтардың маңыздылығын анықтау үшін Манна-Уитни критерийі қолданылды. Нәтижелерге сәйкес, ұлдар (орташа ранг=686,99) қыздарға (орташа ранг=546,35) қарағанда жоғары көрсеткіштер көрсетті. Яғни, қыздардың жеңіл құқық бұзушылықтарға бейімділігі жоғары, ұлдардың ауыр құқық бұзушылықтарға бейім екендігі анықталды ($U=144973,500$, $p=0,000$). Бұл ерлердің әйелдерге қарағанда девиантты мінез-құлыққа бейімділігі жоғары екенін көрсетеді.

3-кестеде, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің отбасымен қанағаттану деңгейі салыстырылған. Нәтижелер қыздардың (орташа ранг=647,36) ұлдарға (орташа ранг=582,55) қарағанда отбасымен қанағаттану деңгейі жоғары екенін көрсетті. Айырмашылық статистикалық тұрғыда мәнді 0,000 ($U=168042,500$, $p=0,001$).

Кесте 4. Отбасы құрылымына байланысты девиантты мінез-құлық пен отбасымен қанағаттанудың орташа мәні

Девиантты мінез-құлық	Орташа	Стандартты ауытқу	Отбасымен қанағаттану	Орташа	Стандартты ауытқу
Отбасы құрылымы					
Толық	0,186	0,116			
Толық емес	0,286	0,158			
Девиантты мінез-құлық	N	Орташа ранг			
Толық	118	535,51			
Толық емес	68	773,57			
Манна-Уитни U	106184,000				
Мәні (0,01)	0,000				
Отбасымен қанағаттану	N	Орташа ранг			
Толық	118	684,71		5,28	1,25
Толық емес	68	484,09		4,51	1,44
Манна-Уитни U	116459,000				
Мәні (0,01)	0,000				

4-кестеде девиантты мінез-құлық пен отбасыға қанағаттану тұрғысынан отбасы құрылымындағы айырмашылықтар берілген. Толық отбасынан шыққан респонденттердің девиантты

мінез-құлық бойынша орташа көрсеткіші $M=0,186$, $SD=0,116$, толық емес отбасынын шыққан респонденттерде бұл көрсеткіш $M=0,286$, $SD=0,158$ болды.

Отбасымен қанағаттану бойынша толық отбасынан шыққан респонденттердің көрсеткіші $M=5,28$, $SD=1,25$, толық емес отбасынын шыққан респонденттерде $M=4,51$, $SD=1,44$ -ге тең. Сипаттамалық статистиканы тексеру үшін Манна-Уитни критерийі қолданылды. Сипаттамалық статистика Манна-Уитни U тестінің нәтижелерімен расталды. Толық отбасынан шыққан респонденттердің девиантты мінез-құлық шкаласы бойынша нәтижелері (орташа ранг=535,51) толық емес отбасынын шыққан респонденттердің нәтижелерімен (орташа ранг=773,57) салыстырғанда төмен көрсеткіш көрсетті. Нәтиже $\alpha=0,000$ деңгейінде статистикалық тұрғыда маңызды ($U=106184,000$, $p=0,000$). Бұл, толық отбасынан шыққан респонденттердің девиантты мінез-құлыққа бейімділігі төмен екенін білдіреді. Екінші жағынан, толық отбасынан шыққан респонденттердің толық емес отбасынын шыққан респонденттерге қарағанда отбасымен қанағаттану деңгейі жоғары (орташа ранг – 684,71). Нәтиже статистикалық тұрғыда өте маңызды ($U=116459,000$, $p=0,000$).

Отбасымен қанағаттану мен девиантты мінез-құлық арасындағы негізгі өзара байланыс орташа кері байланысты көрсетті ($r = -0,405$, $p=0,000$). Бұл, отбасымен қанағаттану деңгейі төмен респонденттердің девиантты әрекеттерді жиірек жасайтынын, ал отбасымен қанағаттану деңгейі жоғары респонденттердің мұндай әрекеттерге сирек баратынын білдіреді.

Кесте 5. Девиантты мінез-құлық және тұлғалық қасиеттер, отбасымен қанағаттану, жас ерекшелік арасындағы өзара байланыс

	Экстраверсия	Ақкөңілділік	Адалдық	Нейротизм	Тәжірибеге ашықтық	Өмірге қанағаттану	Жасы
Девиантты мінез-құлық	-	-	-0,015	-	-	-	0,240**
	0,833	0,000	0,637	0,051	0,002	0,000	0,000
Экстраверсия	1	0,315**	0,421**	0,154**	0,398**	0,146**	-
	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,001
Ақкөңілділік		1	0,486**	0,102**	0,385**	0,161**	0,016
			0,000	0,000	0,000	0,000	0,000
Адалдық			1	0,198**	0,443**	0,137**	-0,057
				0,000	0,000	0,000	0,054
Нейротизм				1	0,254**	0,163**	-
					0,000	0,000	0,000
Тәжірибеге ашықтық					1	0,259**	-
						0,000	0,000
Өміріне қанағаттану						1	-
							0,090*
Жасы							0,002
							1

* $p<0,05$, ** $p<0,01$

5-кестеде зерттеу айнымалылары арасындағы статистикалық маңызды байланыстар көрсетілген. Бұл девиантты мінез-құлықтың жас ерекшелікпен сызықтық байланыс бар екенін білдіреді ($r = 0,240$, $p=0,000$). Сонымен қатар, ақкөңілділік сияқты тұлғалық қасиет девиантты мінез-құлықпен өте маңызды теріс корреляцияға ие болды ($r = -0,121$, $p=0,000$), тәжірибеге ашықтықпен маңызды байланыс көрсетті ($r = -0,090$, $p=0,002$). Осылайша, респонденттердің жасы ұлғайған сайын олардың девиантты мінез-құлыққа қатысу деңгейі де артады. Әсіресе ақкөңілділік айқын ерекшеленді: ақкөңілділік деңгейі төмен респонденттер девиантты

әрекеттерді жасауға көбірек бейім, ал аккөңілділік деңгейі жоғары респонденттер мұндай әрекеттерге сирек барады.

Бес факторлы тұлғалық қасиеттер мен отбасымен қанағаттану айнымалаларын предикторлар ретінде қолданған регрессиялық талдау девиантты мінез-құлық дисперсиясының 16,9%-ын түсіндірді (6,7 кестелер). Регрессиялық модельге экстраверсия мен адалдық енгізілген жоқ, себебі олар девиантты мінез-құлықта қажетті корреляцияны көрсеткен жоқ.

Кесте 6. Девиантты мінез-құлық, тұлғалық қасиеттер және отбасымен қанағаттануды регрессиялық талдау моделінің қысқаша сипаттамасы

R	R square	Adjusted R square	Standard error of the estimate	R square change	df1	df2	p-value
0,408	0,169	0,164	0,12611	0,151	1	1227	0,000

d. Нәтижеге әсер ететін факторлар: (тұрақты мән) аккөңілділік, тәжірибеге ашықтық, нейротизм, отбасымен қанағаттану

Кесте 7. Девиантты мінез-құлық, тұлғалық қасиеттер және отбасымен қанағаттану арасындағы өзара байланыс

Айнымалылар	β	T	P	R	R ²	F
				0,409	0,169	218,312
Аккөңілділік	-0,022	-2,506	0,014			
Тәжірибеге ашықтық	0,013	1,368	0,175			
Нейротизм	0,004	0,215	0,833			
Отбасымен қанағаттану	-0,044	-14,759	0,000			

Тәуелді айнымалы: девиантты мінез-құлық

Нәтижелерге сүйенсек, девиантты мінез-құлық артқан сайын аккөңілділік 2%-ға төмендеді ($\beta=-0,022$, $p=0,014$), ал тәжірибеге ашықтық ($\beta=0,013$, $p=0,175$) және нейротизм ($\beta=0,004$, $p=0,833$), девиантты мінез-құлыққа елеулі әсер етпеді.

Сонымен қатар, отбасымен қанағаттану 4,4%-ға артқан сайын девиантты мінез-құлық төмендейді ($\beta=-0,044$, $p=0,000$).

Жалпы, модель ($R^2=16,9$; $F=218,312$, $p=0,000$) девиантты мінез-құлықты болжаудағы ең тиімді модель ретінде анықталды.

Зерттеу нәтижелері іріктелген жеткіншектер арасында девиантты мінез-құлықтың кең ауқымын анықтады. Нәтижелер респонденттердің негізінен жеңіл девиантты әрекеттер жасайтынын көрсетті. Мұндай әрекеттерге ішімдік ішу, өтірік айту, қоғамдық көлікті ақысыз пайдалану, ата-анасының рұқсатынсыз жүйелі түрде сабақтан қалу және ғимараттарға немесе басқа орындарға граффити шашу жатады. Бұл нәтижелер Ханомоглу зерттеуімен сәйкес келеді, онда жеткіншектер басқа жас топтарымен салыстырғанда девиантты әрекеттерді жиі жасайтыны көрсетілген. Жеткіншектердің девиантты мінез-құлыққа әсер ететін кейбір факторларға олардың психоәлеуметтік, физикалық, когнитивті және мінез-құлықтық бағдарларындағы өзгерістер жатады, бұл оларды мінез-құлық бұзылыстарына бейім етеді. Дамрон-Беллдің пікірінше, жағымсыз әрекеттердің пайда болуы көбіне құрдастар қысымымен, қызығушылықпен және өзін ересек ретінде сезіну ниетімен байланысты. Жеткіншектердің девиантты әрекеттерге баруы көбіне импульсивтілікпен, ойланбай әрекет етумен сипатталуы мүмкін. Осы мәселені тереңірек зерттеу мақсатында жеткіншектердің девиантты әрекеттерге баруына отбасы құрылымы, отбасына қанағаттану деңгейі және тұлғалық қасиеттер сияқты бірнеше айнымалылар айтарлықтай әсер етеді деген болжам ұсынылды.

Нәтижелерге сәйкес, ұлдар отбасымен қанағаттанудың төмен деңгейін және әртүрлі девиантты мінез-құлыққа бейімділіктің жоғары деңгейін көрсетті. Керісінше, қыз балалар отбасымен қанағаттанудың жоғары деңгейін, девиантты мінез-құлыққа бейімділіктің төмен деңгейін көрсетті. Бұл нәтижелер ерлердің қауіпті мінез-құлыққа немесе девиантты әрекеттерге бейімділігі әйелдерге қарағанда жоғары екенін көрсететін алдыңғы зерттеулермен сәйкес келді. Девиантты мінез-құлықтағы жыныстық айырмашылықтарға арналған мета-талдауда кейбір қыздардың девиантты әрекетті қызықты әрі тәуекелді деп қабылдайтыны, ал басқалары моральдық ұстанымдарына байланысты мұндай әрекеттерден бас тартатыны анықталған. Девиантты әрекеттер жасайтын құрдастары бар ұлдар өздері де девиантты мінез-құлыққа көбірек бейім болатындығы көрсетілген. Демек, девиантты әрекеттер жасау ұлдар мен қыздардың өз ортасында бөлісетін және меңгерген құндылықтарға байланысты. Отбасы құрылымына қатысты, толық және толық емес отбасынан шыққан жеткіншектерді салыстыру нәтижелері толық емес отбасынан шыққан респонденттердің әртүрлі және ауыр девиантты мінез-құлыққа бейім екенін және отбасына қанағаттану деңгейі төмен екендігін көрсетті. Апель және Каукинен зерттеуі толық емес отбасынан шыққан жеткіншектер арасында девиантты мінез-құлықтың айтарлықтай вариативтілігін анықтаған. Осы деректерге сүйене отырып, авторлар, мұндай жеткіншектердің ата-аналарымен, бауырларымен байланысы әлсіреуі мүмкін екенін, сапалы отбасылық уақыттың аз болатындығын және девиантты әрекеттерге бару қауіпінің жоғары болатынын көрсеткен. Сонымен қатар, Амато толық емес отбасынан шыққан жеткіншектердің әлеуметтік қарым-қатынаста қиындықтарға жиі тап болатынын, бұл өз кезегінде девиантты мінез-құлыққа әкелуі мүмкін екенін анықтаған. Хоскинс екі ата-анасы да бар отбасында ата-ана бақылауы қатаңырақ болатынын анықтаған. Осылайша, ата-аналардың балаларымен көбірек уақыт өткізуі қылмыс пен девиантты әрекеттерге қатысудың азаюына ықпал етеді.

Нәтижелер отбасылық қанағаттанушылық пен девиантты мінез-құлық арасындағы өте маңызды және кері орташа байланысты анықтады. Бұл отбасымен қанағаттануды жоғары бағалаған қатысушылардың девиантты мінез-құлыққа бейімділігі төмен екенін білдіреді. Керісінше, отбасылық өміріне қанағаттанбайтын респонденттердің девиантты мінез-құлыққа бейімділігі жоғары. Бұл нәтиже ата-аналар мен девиантты бейімділіктер арасындағы өзара байланысты зерттеген бұған дейінгі зерттеу нәтижесіне сәйкес келеді, онда отбасылық қанағаттану деңгейі төмен адамдарда девиантты мінез-құлық деңгейі жоғары болатындығы анықталған болатын, бұл әлеуметтік модельдердің болмауымен және алкоголь қолдану сияқты зиянды әдеттермен байланысты болуы мүмкін. Екіншіден, отбасылық қанағаттану деңгейі жоғары респонденттердің девиантты мінез-құлыққа бейімділігі төмен болды. Бұл екі ата-анасы бар отбасыларда балаларға көбірек көңіл бөлініп, қолдау алатынын және ата-ананың қатаң бақылауында болғанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері экстраверсия мен адалдық қасиеттерінің девиантты мінез-құлықпен статистикалық тұрғыдан маңызды байланысын анықтамады. Сонымен қатар, нейротизммен төмен әрі әлсіз статистикалық мәнді байланыс көрсетті. Алайда, тәжірибеге ашықтықпен орташа маңызды кері байланыс және ақкөңілділікпен жоғары мәнді кері байланыс анықталды. Бұл тәжірибеге ашықтық немесе өзгерістерге, жаңа мүмкіндіктерге дайын болу сияқты тұлғалық қасиеттерге ие респонденттердің девиантты мінез-құлыққа бейім еместігін білдіреді. Сонымен қатар, нәтижелер, аталған қасиеттерді жоғары бағалаған жеткіншектердің қызығушылықтары жоғары, өнертапқыш, ақылды, тапқыр, зерек және мәдениетті болатындығын анықтаған.

Тұлға теориясына сәйкес, тұлғаның негізі индивид кезінде қалыптасады және әртүрлі жағдайларда салыстырмалы тұрақты болады. Лим және т.б. тұлғалық қасиеттердің болашақ мінез-құлықты болжауда пайдалы екенін көрсетті. Сонымен қатар, бұрынғы зерттеулер тұлғаның әлеуметтік мінез-құлық пен әлеуметтенуіне, сондай-ақ әлеуметтік этикаға әсер ететінін көрсеткен.

Нәтижелер адалдықтың девиантты мінез-құлықпен әлсіз және маңызды емес байланысын анықтады. Бұл нәтиже девиантты мінез-құлық пен адалдықтың байланысы бойынша басым

зерттеулерге қайшы келеді. Зерттеу нәтижелері адалдықтың девиантты мінез-құлықпен айтарлықтай теріс байланысы бар екенін көрсетті, яғни адалдық деңгейі төмен адамдардың әртүрлі девиантты мінез-құлыққа бейім екенін көрсетеді.

Нәтижелерге сәйкес, экстраверсияның девиантты мінез-құлықпен статистикалық мәнді байланысы анықталған жоқ. Бұл, экстраверсия мен девиантты мінез-құлық арасындағы мәнді емес байланысты анықтаған Фархади және т.б., Алексич және Вукович зерттеулеріне сәйкес келеді. Алайда, Сантос және Эгер, Абдулла және Марикан, Лим және т.б. экстраверсияны девиантты мінез-құлықтың маңызды предикторы ретінде анықтап, оны девиантты әрекеттерге қатысу ықтималдығымен байланыстырды. Осылайша, экстраверсия мен девиантты мінез-құлық арасындағы өзара байланысқа қатысты зерттеулер қарама-қайшы нәтижелер көрсетті.

Нейротизм және девиантты мінез-құлықпен корреляциясы әлсіз және мәнді емес байланысты көрсетті. Мұны Фархади және т.б., Алексич пен Вуковичтің зерттеулері растайды, олар нейротизмнің девиантты мінез-құлықпен байланыспайтынын анықтады. Алайда, Джаи және т.б., Абдуллах және Марикан нейротизмнің жоғары деңгейі жағымсыз эмоциялармен, қақтығыстармен байланысты болуы мүмкін және девиантты әрекеттерге әкелуі мүмкін деп көрсеткен. Бұл зерттеу нәтижелері аталған тұжырымдарға қайшы келеді және болашақ зерттеулер үшін өзекті бағыт болып табылады.

Регрессиялық модель ақкөңілділікті девиантты мінез-құлықтың ең маңызды предикторы екенін көрсетті. Ақкөңілділік пен девиантты мінез-құлық арасында жоғары әрі кері байланыс анықталды. Бұл ақкөңілділік деңгейі төмен адамдардың девиантты әрекеттерге бейімділігі жоғары екенін білдіреді. Джон және Шриватавеге сәйкес, ақкөңілділік деңгейі жоғары адамдар, әдетте, мейірімді, жанашыр, жағымды, достыққа бейім, ынтымақтастыққа жақын және сенім білдіретін адамдар ретінде сипатталады. Ақкөңілділік деңгейі төмен адамдар суық, дөрекі, өзімшіл, жанжалға жақын және қатыгез болуы мүмкін. Бұл нәтижелер ақкөңілділік пен девиантты мінез-құлық арасында кері корреляция бар екенін көрсеткен Болтон және т.б., Фархади және т.б., Нурул және т.б., Алексич пен Вукович зерттеулеріне сәйкес келеді. Демек, ақкөңілділік деңгейі төмен адамдар агрессивті мінез-құлық көрсетуге, жанжал тудыруға және сәйкесінше девиантты мінез-құлыққа бейім болып келеді. Сонымен қатар, Болтон және т.б., Нурул және т.б. осы зерттеудің нәтижелерін растай отырып, ақкөңілділік деңгейі жоғары адамдардың девиантты мінез-құлыққа бейімділігі төмен болатындығын көрсетті. Себебі, ақкөңілділік деңгейі жоғары адамдар әлеуметтік жанжалдардан өзін аулақ ұстайды, ал ақкөңілділік деңгейі төмен адамдар девиантты мінез-құлық танытады. Сонымен қатар, Матисен және т.б. ақкөңілділіктің төмен деңгейін дөрекілік, суықтық, немқұрайлылық және қорқытуға бейімділікпен байланыстырған. Мұндай сипаттар қоршаған ортамен жанжалды күшейтіп, девиантты әрекеттер ықтималдығын арттыруы мүмкін.

Қорытынды. Зерттеудің негізгі үлесі «Үлкен бестік» тұлғалық моделі мен отбасымен қанағаттануды, отбасы құрылымын девиантты мінез-құлықтың предикторлары ретінде қарастыруында. Нәтижелерге сүйенсек, ақкөңілділік тұлғалық қасиеті жеткіншектер арасындағы девиантты мінез-құлықты болжаудағы ең маңызды предиктор болып табылады. Сонымен қатар, отбасымен қанағаттанудың төмен деңгейі де девиантты мінез-құлыққа ықпал ететін маңызды фактор екені анықталды. Сонымен қатар, ұлдардың девиантты әрекеттер жасауға бейімділігі жоғары, ал қыздарда ұлдарға қарағанда отбасымен қанағаттану деңгейі жоғары.

Әдебиеттер тізімі:

1. Sanchez-Sandoval Y., Palacios J. Stress in adoptive parents of adolescents // *Children and Youth Services Review* 34. – 2012 - p.1283-1289. <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2012.03.002>
2. Feist J., Feist G.J., Roberts T. *Theories of personality*. New York, NY: McGraw – Hill Higher Education. 2013. p.86-95
3. Zaky E.A. Adolescence, a Crucial Transitional Stage in Human Life // *Journal Child Adolescent Behavior* 4, 2017. e115. <https://doi.org/10.4172/2375-4494.1000e115>

4. Nkhata M.J., Mwale M. An Investigation of the Contributing Factors to Adolescent Deviant Behaviors in Rural Community Day Secondary Schools with Respect to the Social and Environmental Aspects // *Journal Child Adolescent Behavior* 4, 2016. p.3-19 DOI: [10.4172/2375-4494.1000319](https://doi.org/10.4172/2375-4494.1000319)
5. Idris M.N., Abdullah O., Zulkarnian N. Exploring the relationship between personality factors and workplace deviant behavior among Pekanbaru city civil service // *Performance* 24. 2017. p.1-12., <https://doi.org/doi:10.20884/1.performance.2017.24.1.309>
6. Алехова А. Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс саны өсті / *Еуразия* 24. 03.02.2026 <https://qaz.eurasia24.media/basty-bet/qazaqstanda-kaemeletke-tolmaghandar-arasyndaghy-qylmys-sany-oesti/>
7. Lewis A.D., Huebner E.S., Malone P.S., Valois R.F. Life satisfaction and student engagement in adolescents // *Journal of Youth and Adolescence* 40, 2011. p.249-262 DOI: [10.1007/s10964-010-9517-6](https://doi.org/10.1007/s10964-010-9517-6)
8. Nerbida J., Dullas A.R. «I'm perfectly imperfect»: Exploring the relationship between Perma model of wellbeing with self-esteem among persons with disabilities // *International Journal of Research Studies in Psychology* 7. 2018. p.27-44. <https://doi.org/10.5861/ijrsp.2018.3005>
9. Castillo J. The relationship between big five personality traits, customer empowerment and customer satisfaction in the retail industry // *Journal in Business and Retail Management Research* 11. 2017. p.253
10. Jia H., Jia R., Karau S. Cyberloafing and personality the impact of big five traits and workplace situational factors // *Journal of Leadership Organizational Studies* 20. 2013. p.358-365. DOI: [10.1177/1548051813488208](https://doi.org/10.1177/1548051813488208)
11. Khodarahimi S. Role of Family Typology on Mental Health, Positive and Negative Emotions, Self-esteem and Wife Physical Abuse in an Iranian Sample // *Journal of Comparative Family Studies* 44. 2015. p. 41-55.

References

1. Sanchez-Sandoval Y., Palasios J. Stress in adoptive parents of adolescents // *Children and Youth Services Review* 34. – 2012 - p.1283-1289. <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2012.03.002>
2. Feist J., Feist G.J., Roberts T. Theories of personality. New York, NY: McGraw – Hill Higher Education. 2013. p.86-95
3. Zaky E.A. Adolescence, a Crucial Transitional Stage in Human Life // *Journal Child Adolescent Behavior* 4, 2017. e115. <https://doi.org/10.4172/2375-4494.1000e115>
4. Nkhata M.J., Mwale M. An Investigation of the Contributing Factors to Adolescent Deviant Behaviors in Rural Community Day Secondary Schools with Respect to the Social and Environmental Aspects // *Journal Child Adolescent Behavior* 4, 2016. p.3-19 DOI: [10.4172/2375-4494.1000319](https://doi.org/10.4172/2375-4494.1000319)
5. Idris M.N., Abdullah O., Zulkarnian N. Exploring the relationship between personality factors and workplace deviant behavior among Pekanbaru city civil service // *Performance* 24. 2017. p.1-12., <https://doi.org/doi:10.20884/1.performance.2017.24.1.309>
6. Алехова А. Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс саны өсті / *Еуразия* 24. 03.02.2026 <https://qaz.eurasia24.media/basty-bet/qazaqstanda-kaemeletke-tolmaghandar-arasyndaghy-qylmys-sany-oesti/>
7. Lewis A.D., Huebner E.S., Malone P.S., Valois R.F. Life satisfaction and student engagement in adolescents // *Journal of Youth and Adolescence* 40, 2011. p.249-262 DOI: [10.1007/s10964-010-9517-6](https://doi.org/10.1007/s10964-010-9517-6)
8. Nerbida J., Dullas A.R. «I'm perfectly imperfect»: Exploring the relationship between Perma model of wellbeing with self-esteem among persons with disabilities // *International Journal of Research Studies in Psychology* 7. 2018. p.27-44. <https://doi.org/10.5861/ijrsp.2018.3005>
9. Castillo J. The relationship between big five personality traits, customer empowerment and customer satisfaction in the retail industry // *Journal in Business and Retail Management Research* 11. 2017. p.253

10. Jia H., Jia R., Karau S. Cyberloafing and personality the impact of big five traits and workplace situational factors // *Journal of Leadership Organizational Studies* 20. 2013. p.358-365. DOI:[10.1177/1548051813488208](https://doi.org/10.1177/1548051813488208)

11. Khodarahimi S. Role of Family Typology on Mental Health, Positive and Negative Emotions, Self-esteem and Wife Physical Abuse in an Iranian Sample // *Journal of Comparative Family Studies* 44. 2015. p. 41-55.

Авторлар туралы мәліметтер:

Бейсенова Ж. Ж. – хат-хабар авторы, психология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессорының міндетін атқарушы, Алматы, Қазақстан. E-mail: zhuparkul2270@gmail.com

Мурзабаева М. А. – Орталық Азия инновациялық университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан. E-mail: many5858@mail.ru

Жукова Т. В. – Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Педагогика факультетінің Музыкалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Петропавл, Қазақстан. E-mail: tat197@mail.ru

Кашенева Р.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Ермек Серкебаев атындағы өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кеңесі, Петропавл, Қазақстан. E-mail: karamio@mail.ru

Бисенова А. З. – саясаттану ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Әлеуметтік ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Утепбергенова З. Д. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан. E-mail: zeynekul_utepbergenova@mail.ru

Сведения об авторах:

Бейсенова Ж. Ж. – автор для корреспонденций, кандидат психологических наук, исполняющая обязанности ассоциированного профессора Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан. E-mail: zhuparkul2270@gmail.com

Мурзабаева М. А. – старший преподаватель Центрально-Азиатского инновационного университета, Шымкент, Казахстан. E-mail: many5858@mail.ru

Жукова Т. В. – старший преподаватель кафедры музыкальных дисциплин педагогического факультета Северо-Казахстанского университета имени Манаша Козыбаева, Петропавловск, Казахстан. E-mail: tat197@mail.ru

Кашенева Р. А. – кандидат педагогических наук, комплекс «Колледж искусств имени Ермака Серкебаева – специализированная школа-интернат для одарённых в искусстве детей», Петропавловск, Казахстан. E-mail: karamio@mail.ru

Бисенова А. З. – кандидат политических наук, старший преподаватель кафедры социальных наук Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Утепбергенова З. Д. – кандидат педагогических наук, старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан. E-mail: zeynekul_utepbergenova@mail.ru

Information about the Authors

Zh. Zh. Beisenova – Corresponding Author, Candidate of Psychological Sciences, Acting Associate Professor at the Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: zhuparkul2270@gmail.com

M. A. Murzabayeva – Senior Lecturer at the Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: many5858@mail.ru

T. V. Zhukova – Senior Lecturer at the Department of Music Disciplines, Faculty of Pedagogy, Manash Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavl, Kazakhstan. E-mail: tat197@mail.ru

R. A. Kasheneva – Candidate of Pedagogical Sciences, Ermek Serkebayev College of Arts – Specialized Boarding School for Children Gifted in the Arts Complex, Petropavl, Kazakhstan. E-mail: karamio@mail.ru

A. Z. Bisenova – Candidate of Political Sciences, Senior Lecturer at the Department of Social Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Z. D. Utepbergenova – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer at the Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: zeynekul_utepbergenova@mail.ru